

Қарағанды облысы Осакаров ауданы Садовый ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібі және тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 2023 жылғы 31 қазандағы № 12/112 шешімі.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 23 маусымдағы № 122 "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32894 болып тіркелген), аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 09.07.2025 № 36/366 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Қарағанды облысы Осакаров ауданы Садовый ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібі осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Қарағанды облысы Осакаров ауданы Садовый ауылдық округі тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 2022 жылғы 30 қарашадағы № 322 "Қарағанды облысы Осакаров ауданы Садовый ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібі және ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихатының төрағасы

К. Саккулаков

Осакаров аудандық мәслихатының

2023 жылғы "31" қазан

№ 12/112

шешіміне 1-қосымша

Қарағанды облысы Осакаров ауданы Садовый ауылдық округінің аумағында жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібі

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қарағанды облысы Осакаров ауданы Садовый ауылдық округінің аумағында жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібі "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 23 маусымдағы № 122 "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес әзірленді, (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32894 болып тіркелген) және Қарағанды облысы Осакаров ауданы Садовый ауылдық округінің Садовое ауылы, Жаңатоған ауылы көшелері тұрғындарының жергілікті қоғамдастық бөлек жиындарын өткізу тәртібін белгілейді (әрi қарай - Садовый ауылдық округі).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 09.07.2025 № 36/366 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Осы Тәртіпте мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бөлек жергілікті қоғамдастық жиыны – ауыл, көше, ауылдық округ тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы;

2) жергілікті қоғамдастық-шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы.

2 тарау. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін Садовый ауылдық округінің аумағы ауылдарға, көшелерге бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін әр көшеден үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Қарағанды облысы Осакаров ауданы Садовый ауылдық округінің әкімі (бұдан әрі – Садовый ауылдық округінің әкімі) ауыл, көше шегінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын шақырады және өткізуді ұйымдастырады.

Көше шегінде көппәтерлі үйлер болған жағдайда көппәтерлі үйдің бөлек жиындары өткізілмейді.

6. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы жергілікті қоғамдастықтың халқын Садовый ауылдық округінің әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабардар етеді.

7. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын ашудың алдында Садовый ауылдық округі ауылының, көшесінің қатысып отырған тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Кәмелетке толмағандардың, сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын адамдардың жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысуына жол берілмейді.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны ауылда, көшеде тұратын Садовый ауылдық округі тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Садовый ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Садовый ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс беру арқылы хатшы сайланады.

9. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Садовый ауылдық округінің ауыл, көше тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының қатысушылары ұсынады.

10. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп дауысын жинаған кандидаттар сайланды деп есептеледі.

Егер жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында дауыс беру кезінде қатысушылардың дауыстары тең бөлінген жағдайда, бөлек жиынның төрағасы шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

11. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасына төраға мен хатшы қол қояды және бөлек жиын өткізілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жиналыстың хатшысы тіркеу үшін Садовый ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.

Жергілікті қоғамдастық жиынында немесе жергілікті қоғамдастық жиналысында хаттама жүргізіледі, онда:

1) жергілікті қоғамдастық жиынының немесе жергілікті қоғамдастық жиналысының өткізілген күні мен орны;

2) тиісті аумақта тұратын және жергілікті қоғамдастық жиынына немесе жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысуға құқығы бар жергілікті қоғамдастық мүшелерінің жалпы саны;

3) қатысушылардың саны және олардың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетілген тізім;

4) жергілікті қоғамдастық жиынының немесе жергілікті қоғамдастық жиналысының төрағасы мен хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда);

5) күн тәртібі, сөйлеген сөздердің мазмұны және қабылданған шешімдер көрсетіледі

Осакаров аудандық мәслихатының
2023 жылғы "31" қазан
№ 12/112
шешіміне 2-қосымша

**Қарағанды облысы Осакаров ауданы Садовый ауылдық округінің Садовый ауылы,
Жаңатоған ауылы көшелері тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

№	Садовый ауылдық округінің Садовый ауылы, Жаңатоған ауылы көшелерінің атауы	Көше өкілдерінің саны
Садовый ауылы		
1	Абай көшесі	1
2	Болашақ көшесі	1
3	Гагарин көшесі	1
4	Горький көшесі	1
5	Индустриальная көшесі	1
6	Набережная көшесі	1
7	Новая көшесі	1
8	Парковый тұйық көшесі	1
9	Пасечника көшесі	1
10	Спортивная көшесі	1
11	Степная көшесі	1
12	Целинная көшесі	1
Жаңатоған ауылы		
13	Интернациональная көшесі	1
14	Механизаторская көшесі	1
15	Севастьянова көшесі	1
16	Целинная көшесі	1
17	Центральная көшесі	1
	Барлығы	17